



ЕЛ ТІЛЕГІ – ӘДІЛ ТЕРГЕУ мен АШЫҚ ДИАЛОГ



Мемлекет басшысы лаңкестік актілер себептерін және ұйымдастырушыларын анықтау бойынша тергеуді Бас прокуратураға тапсырды. Бұл жөнінде Ішкі істер министрлігі тергеу департаментінің бастығы Санжар ӘДІЛОВ мәлімдеді. Сондықтан аталған санаттағы және онымен байланысты барлық қылмыстық істер арнайы прокурорлар басшылық ететін ведомствоаралық жедел-тергеу топтарының өндірісіне берілді. Қалған қылмыстық істер бойынша тергеуді ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік, экономикалық тергеу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органдары жүргізуде.

(Жалғасы 3-бетте)



БІРЛІГІ КҮШТІ ЕЛ ОЗАДЫ

4-бет



КОМИССИЯ ОҚИҒАНЫҢ
СЕБЕБІН ҒАНА ЕМЕС,
САЛДАРЫН ДА ЗЕРТТЕМЕК

5-бет



ОЙЛАСТЫРЫЛҒАН ӨЛІМ

8-бет

ҰЛТТЫҚ ЖОБА ҮМІТТІ АҚТАЙ АЛА МА?

Қазақстанда соңғы ширек ғасырда ауылды, ауыл шаруашылығын, агроөнеркәсіпті дамытуға арналған бір емес, бірнеше мемлекеттік бағдарлама мен тұжырымдама және ұлттық жоба жасалып, қабылданды. Егер олардың бәрін түгендейтін болсақ атауының өзі салақұлаш үлкен тізім боп шығар еді. Оларға бюджеттен және өзге де қаржы көздерінен бөлінген қаржының көлемі де бүгінде млн, млрд емес, триллионмен есептеледі. Осыған қарамастан еңбек өнімділігі мен өндіріс көлеміндегі өсім жағынан дамыған елдерді қуып жетуді былай қойғанда, бірқатар көрсеткіштер бойынша республиканың тәуелсіздікке дейінгі деңгейіне әлі жете алмай келе жатырмыз.

ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының президенті Ғани Қалиевтің айтуынша, ауыл халқын жұмыспен қамту, ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін өндіріске енгізу арқылы еңбек өнімділігін арттырып, олардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын көтеруде ауыз толтырып айтарлықтай зор жетістікке жете алмай жүргеніміздің басты себебі еліміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі

ауылшаруашылық кооперациясының рөлі мен маңызының тиісті деңгейде бағаланбауында. Бүкіл әлем қауіпсіздіктің негізі ретінде ауыл шаруашылығын экономиканың басым бағыты ретінде дамытып жатқанда, бізде бұл саланың жалпы ішкі өнімдегі үлесі айтарлықтай өсімге қолжеткізе алмады. Қабылданған әрбір мемлекеттік бағдарлама, тұжырымдама, жобалар ғылыми түрде негізделіп, жүйелі түрде жүзеге асырылмайды.

(Соңы 3-бетте)

БЕРЕКЕСІ ЖОҚ БЕС ЗАҢ

Тарихқа көз жүгіртер болсақ ауыл шаруашылығы кооперативтеріне қатысты елімізде соңғы 10 жылда ғана бір емес, бес заң қабылданғанын байқауға болады. Бүгінгі таңда олардың үшеуі күшін жойып, қолданыста екеуі ғана қалды. Бұл 2015 жылы 29 қазанда күшін жойған «Қазақстан Республикасындағы селолық тұтыну кооперациясы туралы» (1999 жылғы 21 шілдедегі), «Ауылшаруашылық серіктестіктері және олардың қауымдастықтары (одақтары) туралы» (2000 жылғы 25 желтоқсандағы), «Су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі туралы» (2003 жылғы 8 сәуірдегі) заңдар. Ал қолданыстағы «Тұтыну кооперативі туралы» (2001 жылғы 8 мамырдағы) заң тұтыну кооперативтерінің құқықтық жағдайы, құрылуы, қызметі, оларды қайта ұйымдастыру мен таратудың ұйымдық, экономикалық және әлеуметтік жағдайларын, мүшелерінің құқылары мен міндеттерін, басқару және бақылау органдарының өкілеттігі мен жауапкершілігін белгілейді. «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» (2015 жылғы 29 қазандағы) заң болса ауыл шаруашылығы кооперативтері мүшелерінің құқықтық жағдайын, құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы кооперативтері мен олардың қауымдастықтарының құрылуы, қызметі, қайта ұйымдастырылуы және таратылу тәртібін айқындайды.

(Соңы 3-бетте)

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТҮРДЕ АЛУ ТИІМДІ

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауындағы негізгі тарауларының бірі – цифрландыру. Цифрландыру – сәнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы болып табылады. Халыққа электронды сервистерді қолдануды ыңғайлы ету үшін мемлекеттік қызмет көрсету ісінде де, бизнесте де биометрияны кеңінен пайдаланған жөн. Бүгінде мемлекеттік органдардан қажетті қызметті алу және керек құжаттарды беру ғаламтор арқылы электронды түрде жүзеге асырылады.

(Соңы 2-бетте)

МИНБЕР

ҮШ БУЫНДЫ МОДЕЛЬ – ҚАЗЖЕТ БАСТАМА

Зайырлы, өркениетті елде азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау бірінші басымдыққа ие. Бұл еліміздің сот саласы мен құқықтық жүйеде үнемі жаңа реформалардың қолға алынып, жаңғырталуының негізгі себебі болып отыр. Жаңашылдықтар Президенттің жыл сайынғы жолдауларында берілген тапсырмаларымен өзектес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кезекті жолдауында құқық қорғаудың үш буынды моделін құруды тапсырғаны мәлім. Дәл осы мәселенің таңдалуы тегіннен-тегін емес. Шындығында құқық қорғау жүйесінің жұмысы азаматтар тарапынан жиі сыналады. Өйткені, қылмыстық іс жүргізу саласы Кеңес өкіметінің құқықтық жүйесінен қалаған айып тау сарынының толық арыла қоймады. Мұның соңы азаматтар мен құқық қорғаушылар арасын алшақтатып, полицияға деген сенімді төмендетіп келгені рас. Ал үш буынды модель осы қалыптасқан кемшілікті кешенді түрде жоя отырып, сала жұмысына серпін беруді көздейді.



Құқық қорғаудың үш буынды моделі қажеттіліктен қолға алынған бастама. Бұл модель азаматтар құқығын заманауи тұрғыдан қорғауды қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, бұл жүйе халықаралық талаптарға сай келетін соны үлгі. Үш буынды модельдің түпкі мақсаты – полиция, прокуратура, сот құзыретін нақтылап, жұмысты жандандыру.

Президент тапсырмасынан кейін еліміздің даму дағдысына, ұлттық

болмысына қарай жаңа модельді қолданысқа енгізу бойынша кешенді жұмыстар қолға алынды. Еліміз 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап құқық қорғаудың үш буынды жүйесіне көшті. Осыған орай, алғашқы қадам құқық қорғаудың негізгі үш буыны – полиция, прокуратура, соттың өзіне ғана тиесілі функцияларын айқындап, қызметтерін нақтылауға бағытталды. Жаңа модельді құру арқылы қоғамдық мүдде мен адам құқықтарын қорғауда тепе-теңдікке қол

жеткізу көзделді. Үш буынды модель кезіндегі қылмыстық процесі үш кезеңге бөлуге болады: қылмысты анықтау және дәлелдемелер жинау; жиналған дәлелдемелерге баға беру және айыптауды дайындау; істі мәні бойынша шешу, яғни кінәлілігін анықтап, жаза тағайындау. Бір-біріне жалғасқан бұл тізбектегі полицияның негізгі міндеті дәлелдемелерді жинақтап, бекітуге

бағытталған. Осыдан кейін материал прокурордың құзырына өтеді. Өз кезегінде прокурор тергеуіне басшылық етіп, полиция ұсынған дәлелдемелерді бағалап, құқықтық тұрғыдан саралаумен айналысады. Жұмыс барысында прокурор істі қысқартуға, құжаттарды қайта тергеуге жіберіп, полицияға тапсырма беруге толық құзырлы.

Бұл жаңашылдықтағы соттың да рөлі жоғары. Үш буынды модель шеңберінде сотқа екі функцияны жүзеге асыру жүктеліп отыр. Яғни, сот алдымен тергеу сатысында адамның құқығы мен бостандығының сақталуына қадағалау жүргізе, ал сот талқылауы сатысында үкім шығарып, азаматтың кінәлі екенін немесе кінәсіздігін анықтайды.

Осыдан көріп тұрғанымыздай үш буынды модель жас мемлекеттегі құқық қорғау ісін дамыған елдер стандартына жақындата түсті.

Жайық ЖАНБОЛАТОВ,
Қапшағай қалалық сотының судьясы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ӘДІЛЕТ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТҮРДЕ АЛУ ТИІМДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысының жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 133-тармағын орындау шеңберінде Әділет министрлігі мүдделі органдармен және ұйымдармен бірлесіп ақпаратты цифрлық растау мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімінен жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласында неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау бойынша жұмыстар жүргізді. Нәтижесінде Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2021 жылғы 15 сәуірдегі №129/НҚ бұйрығымен Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімінен төмендегі анықтамалар алынып тасталды:

1. «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан (тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы, заңды тұлғаның филиалдары мен өкілдіктерінің болуы туралы, заңды тұлғаның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы, жеке тұлғаның заңды тұлғаларға, филиалдар мен өкілдіктерге қатысуы туралы, заңды тұлғаның әрекетсіз заңды тұлға деп тану немесе оның қатысушыларының әрекетсіз заңды тұлғаларға қатыстылығы туралы, құрылатын заңды тұлға атауының тіркелген шаруашылық жүргізуші субъектінің атауымен сәйкес келуі туралы) анықтама, заңды тұлғаның барлық тіркеу әрекеттері туралы, белгіленген күнге тіркелген заңды тұлға туралы, құрылтай құжаттарына соңғы енгізілген өзгерістер туралы, заңды тұлғаның үлесіне салынған ауыртпалықтар (тыйым салу) туралы);

2. Жылжымайтын мүлік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметті қамтитын техникалық паспортқа қосымшаны беру;

3. Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру;

4. Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді көшірмені беру;

Ендігі жерде азаматтар мен заңды тұлғалардың қажетті мәліметтерді таңдап және өзінің ЭЦҚ-сын пайдаланып, сұрау салу жібере отырып, «электрондық үкімет» порталынан заңды тұлға туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар. Сұрау өңделгеннен кейін порталдың мәртебелік бетінде заңды тұлға туралы өзекті ақпарат көрсетіледі. Сондай-ақ, «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» заңның 14-2-бабына сәйкес заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді «Электрондық үкімет порталы» арқылы жүргізуге болады.

Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) тіркеу деректеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізудің хабарлама тәртібі келесідей: басшыны өзгерту (басшыны тағайындау, басшының міндетін атқарушыны тағайындау, заңды тұлғаның мүлкі мен қызметін басқарушыны тағайындау, басшыны лауазымынан шеттету). Бүгінгі таңда заңды тұлға басшысының өзгеруі ең кең таралған және сұранысқа ие қызмет болып табылады. Заңды іске асыру мақсатында заңды тұлғаларды тіркеу саласында мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру бойынша Жол картасы әзірленді.

«Электрондық үкімет» порталында Жол картасының 22-тармағына сәйкес egov.kz 11.10.2021 жылдан бастап бәк-кеңеснің қатысуының автоматты режимде заңды тұлға басшысын өзгерту бойынша хабарлама тәртібі қызметі іске асырылды. Қазіргі уақытта заңды тұлғаның басшысын өзгерту бойынша сервис іске қосылды, ол электрондық үкімет порталы арқылы жүзеге асырылады. Бұл қызмет келесі ішкі қызметтерді қамтуы керек:

1) мемлекеттік мекемені қоспағанда, заңды тұлғаның басшысын тағайындау.

2) банкроттықты, оңалтуды немесе уақытша басқарушыны тағайындау жатады. Басқарушыны тағайындау сот органының шешімі бойынша заңды тұлға оңалту рәсімін, мәжбүрлеп таратуды немесе банкроттықты жүргізу қажет болған жағдайда жүргізіледі.

3) мұраны сенімгерлікпен басқарушыны тағайындау. Заңды тұлғаның мұрасын сенімгерлік басқарушыны нотариус тағайындайды. Тағайындау, егер заңды тұлға басшысы және жалғыз құрылтайшысы ЖТ МДҚ-да қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен немесе хабар-ошарсыз кеткен мәртебесі бар ЖТ болып табылған жағдайда жүргізіледі. Өтінішті мұраның тағайындалған сенімгерлік басқарушысы немесе сенімгерлікпен басқарушыны тағайындау туралы куәлікті рәсімдеген нотариус мұраны сенімгерлікпен басқарушыны тағайындау туралы куәліктің pdf форматындағы сканерленген көшірмесін қоса бере отырып бере алады. Қызмет 3Т орналасқан жері бойынша тіркеушінің қатысуымен көрсетіледі.

5) филиал (өкілдік) басшысын тағайындау. Өтінішті электрондық үкімет порталына бас ұйымның басшысы береді және ол қол қояды.

6) заңды тұлға, филиал, өкілдік басшысының м.а., ол болмаған уақытта басшыны алмастыратын адамды тағайындау.

Заңды тұлғаның басшысын өзгерту процедурасы бойынша нұсқаулықты оны жұмыста қолдану үшін жібереміз. Сонымен қатар, техникалық сипаттағы проблемалар бар: нәтижені күту уақытының артуы (1 сағаттан астам); адрес бағаны белсенді емес (яғни, адрес тексерілмейді); сайтта басшыны өзгерту бойынша қадамдық әрекеттерді толтыру кезінде egov.kz өтініш берушілер техникалық проблемаларға тап болады (жүйенің бұзылуы).

Мемлекеттік қызметті электрондық түрде алу барынша тиімді. Бұл мемлекеттік қызмет алу рәсімін оңайлатып, уақытша шығынды кемітуге; азаматтың өз өтініші бойынша атқарылған бақылап отыруына; мемлекеттік қызметті көрсету туралы өтінішті қашықтан беруіне, электрондық құжат айналым жүйесін енгізу салдарынан бюрократтық сымдарды жоюға; сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға көмектеседі.

Ансар ПИРМЕТОВ,
Түркістан облысы Әділет департаментінің тіркеу қызметі саласындағы әдістемелік қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің басшысы

ТҮЙТКІЛ



Сұлушаш МАХАМБЕТОВА,
Жаңаөзен қалалық сотының судьясы

ЖАЗАСЫЗДЫҚ ЖАҢА ҚЫЛМЫС ТУДЫРАДЫ

байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешқандай кемсітуге болмайтынына кепілдік берген. Дамыған, құқықтық қоғамда азаматтардың бәрі сот пен заң алдында тең. Алайда, шынайы өмірде әлдінің әлсізге әлімжеттік жасауы, құқығын бұзуы кездеспей қалмайды. Ең өкініштісі, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына жәбір көрсететін өзінің жақындары, жары, туысы, ата-анасы, балалары. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түрі саналуан. Олар күш көрсету, дене жаракатын салу, денсаулыққа қасақана зиян келтірумен байланысты. Сонымен бірге, психологиялық зорлық-зомбылық – адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, ар-намысына тию, бопсалау түрінде жүзеге асады. Сексуалдық зорлық-зомбылыққа душар болатын жандар да аз емес. Ал экономикалық зорлық-зомбылық – адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру жолымен орын алады. Мұндай әлімжеттік көргенін әлеуметтік желілер арқылы азаматтар үнемі жариялап, өз қайғысына өзгелердің назарын аударуға тырысады. Әсіресе, nemolchi.kz парақшаларынан мұндай деректерді жиі кездестіруге болады. Әрі ондағы пікір білдірушілердің көптігі тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қоғамның да бей-жай қарамайтынын көрсетеді.

Отбасылық зорлық-зомбылық өте нәзік мәселе. Сондықтан жанұядағы ұрыс-керіс, түсінбеушілікке көпшіліктің араласқысы келмейді. Ал шаңырақтың шайқалмауын, отбасының ойрандалмауын ойлаған көп адамдар жақыны көрсеткен озбырлықты жат көзден жасыруға, ешкімге жария етпеуге бейіл. Өзгелер байқап, назар аударғанша кейбір жандар жақынының таяғына, кемсітуіне еті үйреніп, таяқтауды қалыпты жағдай сияқты сезініп жүре береді. Соның кесірінен кінәлерді дер кезінде анықтау, жауаптылыққа тарту қиын. Ал жазасыздық жаңа заңсыздықты, бұрынғыдан да зор әрекетті тудырады. Бұл мәселе Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың да назарынан тыс қалмады. «Біз заңнамалық өзгерістерді іске қосып, мән беріп, азаматтардың негізгі құқықтарын назардан тыс қалдырдық. Жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі

тарату, адам саудасы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық және басқа да ауыр қылмыстарға, әсіресе, балаларға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қажет», – деп атап өтті Президент кезекті жолдауында.

Шындығында елдегі тәртіп, заңдылық әйелге, анаға деген құрмет пен қамқорлықтан басталады. Әрине, біздің еліміз әйел мен балалар құқығын қорғауға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қажет», – деп атап өтті Президент кезекті жолдауында. Шындығында елдегі тәртіп, заңдылық әйелге, анаға деген құрмет пен қамқорлықтан басталады. Әрине, біздің еліміз әйел мен балалар құқығын қорғауға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қажет», – деп атап өтті Президент кезекті жолдауында. Шындығында елдегі тәртіп, заңдылық әйелге, анаға деген құрмет пен қамқорлықтан басталады. Әрине, біздің еліміз әйел мен балалар құқығын қорғауға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қажет», – деп атап өтті Президент кезекті жолдауында.

Елімізде бұған дейін тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жаза белгілеу отбасыны сақтау, жақын адамдар арасындағы сыйластыққа сына түсірмеу шеңберінде қарастырылды. Бұған Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабын зерделеу арқылы көз жеткізуге болады. Ал бұл бапқа сәйкес, соттар құқық бұзушының өзінің тәртіпін түсініп, ойлануы үшін бірнеше күнге қамқор алып, ерекше талаптар белгілеумен шектеледі. Алайда, мұндай жаза құқық бұзушының бәріне ой салып, түзелуіне ықпал ете бермейді. Осы ретте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің кезекті жиынында «Отбасына зорлық-зомбылық көрсететіндермен жүйелі түрде әлеуметтік-сауықтыру және тәрбие жұмыстарын жүргізу керек» деген пікірімен толық қосыламын. Және жазадан бұрын, отбасы институтының маңызын арттырып, тәрбие жұмысына көңіл бөлу керектігін өмірдің өзі көрсетіп отыр.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ОҢ ҚАДАМ

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖҰМЫСТЫ ЖЕҢІЛДЕТТІ

Заман күн сайын өзгеріп жатыр. Біраз жыл бұрын сот хатшылары хаттамаларды жазу машинасында жазатын. Ал, тараптар сотқа өз аяғымен келіп, талап арызын кезек күтіп, тапсырып кететін. Бүгінгідей көкейдегі көп сұрағанды жазып, әп-сәтте жауабын алатын әлеуметтік желілер де атымен жоқ еді. Қазір жазу машинасының орнын компьютер алмастырған. Бұрынғыдай ұзынсонар кезекті де көрмейсіз. Сот төрелігін цифрландырудың негізінде қағазбастылық жойылды.

Сотта сандық технологиялар жемісті қызмет етуде. Мәселен, «Сот кабинеті» сервисі іске қосылғалы азаматтар өзіне ыңғайлы кез келген уақытта үйден шықпай-ақ өтініш пен арызды электронды түрде жібере алады. Сондай-ақ, мемлекеттік бажды онлайн режимінде төлеп, сот актісін басып шығарады. Тіпті, «Сот кабинетінің» мобильді нұсқасы арқылы да талап арыз, өтініш, хаттарды жіберуге мүмкіндік қарастырылған. Бұл сотқа жүгінуші тараптардың уақыты мен жол қаражатын үнемдейді. Бүгінде сервисі пайдаланушылар 620 мыңнан асып, 7 млн-нан астам сот актісін қолжетімді.

Сонымен қатар, сот залдарының дыбыс-бейнежазба құрылғыларымен жабдықталуының нәтижесінде, әрбір сот процесі таспаға жазылады. Аталған жүйе сот процесінің ашықтығын көрсетіп, сотқа қатысушы тараптарды тәртіпке шақырды. Нәтижесінде судьялар атына және сот отырысының хаттамасына келтірілетін шағымдар саны анағұрлым азайған. Қорыта айтсақ, сот жүйесін цифрландыру мақсатында жасалған батыл қадамдар өзінің оң нәтижесін беруде.

Бауыржан БОРАНБАЕВ,
Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының кеңсе меңгерушісінің м.а.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЕЛ ТІЛЕГІ – ӘДІЛ ТЕРГЕУ МЕН АШЫҚ ДИАЛОГ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алматы, Талдықорған, Тараз, Шымкент, Қызылорда, Өскемен, Ақтөбе, Атырау және Семей қалаларында 1 466 әртүрлі үй-жайларға шабуыл жасалған. 71 мемлекеттік мекеменің 12-сі әкімшілік ғимараттар, 27-сі полиция объектілері екені белгілі болып отыр. Ең көп зардап шеккен – бизнес объектілері. 1 395 бизнес нысанына тек зақым келтіріліп қана қоймай, толықтай тоналған. Сонымен қатар, 700-ден астам автокөлік зақымдалып, жойылды, оның 500-ден астамы полицияның қорғаныс және төтенше жағдай министрліктерінің, жедел жәрдем және өзге органдардың қызметтік көліктері болса, 116-сы жеке адамдар меншігі. 7 аңшылық дүкенге шабуыл жасалып, тоналды, олардан 1 564 дана азаматтық қару ұрланған.

Бүгінгі таңда 127 қылмыстық іс атыс қаруы мен оқ-дәрілерді заңсыз сақтау фактілері бойынша, тағы 30 іс оларды ұрлау фактілері бойынша тергеліп жатыр. Сонымен қатар, 63 мүлкті қасақана бүлдіру және жою, 12 автокөлікті айдап кету, 24 – қарақшылық және тонау, 23 – құқық қорғау органдары қызметкерлеріне күш қолдану және олардың өміріне қол сұғу фактілері бойынша қылмыстық істер тіркелді. Ұрлық пен тонау жасағаны үшін 274 адам уақытша ұстау абақтысына қамалды. Оларды тергеу ұрланған тауарлар мен қару түріндегі алынған заттай дәлелдемелермен, сондай-ақ бейнебақылау камераларының жазбаларымен, әлеуметтік желілердегі роликтермен, күдіктілердің өздерінің ұялы телефондарынан табылған деректерге негізделіп жүргізіледі. Мысалы, 19 қаңтарда Алматы қаласында 18 жастағы тұрғын ұсталды, оның ұялы телефонынан азық-түлік

дүкендерінің бірінде ұрлық жасаған бейнежазба, ұрланған заттар аясында «селфи» және ең сорақысы көшеде бір полиция қызметкерін топ болып қатыгездікпен ұрып-соғуға қатысқанын айғақтайтын фотосуреттер табылды. Бұл бейнежазбалардың барлығын күдіктінің өзі жасағаны анықталып, ол уақытша ұстау абақтысына қамауға алынды. Мұндай фактілер көп.

Қазіргі уақытта өндірістегі қылмыстық істер бойынша келген злалат қоммақты. Зардап шеккендердің арыздануы барысында шығын сомасы ұлғаю үстінде.

Ішкі істер органдары тергеушілерінің қылмыстық істер бойынша барлық шешімдері заңнама талаптарымен қатаң сәйкестікте, атап айтқанда қылмыстық процестің үш буынды моделі шеңберінде қабылданады. Күдіктіні ұстау, олардың іс-әрекеттерін саралау, сондай-ақ бұлтартпау шараларын таңдау сияқты

барлық негізгі іс жүргізу шешімдері тек прокурормен келісіледі. Одан өзге, тінту, сараптама үшін үлгілерді алу, санкциялау сияқты іс жүргізу әрекеттері тергеу соттарының қаулысы негізінде жүргізіледі.

Қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталған барлық адамдар дене жақарақтарының болуына медициналық куәландыру жүргізілгеннен кейін ғана, оларды алу мән-жайлары анықтала отырып, уақытша ұстау абақтысына қамалады. Себебі кейбіреулері тәртіпсіздік орнынан тікелей медициналық мекемелерге жеткізілген. Бұдан басқа, ұсталған күдіктілердің адвокаттарға қолжетімділігі қамтамасыз етіледі, қажет болған жағдайда мемлекет қаражаты есебінен төгін қорғаушылар қызметі ұсынылады.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалануы және құзыретін асыра қолдануы туралы әрбір шағымға прокуратура органдарымен қатар Ішкі істер министрінің тапсырмасымен құзырлы орынның өзіндік қауіпсіздік бөлімдері тексеру жүргізеді. Олардың байланыс деректері бірінші күннен бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған. Сонымен қатар, арнайы мекемелердің медицина қызметкерлерінің ұсынымдары бойынша денсаулық жағдайына байланысты бірқатар күдіктілерге қатысты бұлтартпау шараларын өзгерту мәселелері қарастырылуда. Бүгінге осы негіз-

дер бойынша және жеке басын ескере отырып бірқатар күдіктілер күзеттен босатылды, оларға қатысты қоғамнан оқшауламайтын бұлтартпау шаралары қолданылды.

Терроризмге қарсы операцияны жүргізу барысында ұрланған қарудың 515 бірлігі табылып, тәркіленді. Оның ішінде 75 автомат, 133 пистолет, 2 пулемет; 47 ойық, 103 тегіс ұңғылы қарулар, 100-ден астам гранаттар, 9 мың данадан астам оқ-дәрі. Қаруды ұрлағаны үшін 98 адам ұсталып, уақытша ұстау абақтысына қамалды және оларды заңсыз сақтағаны үшін 61 адам ұсталды. Осы ретте Санжар Аскенұлы, азаматтардың назарын ұрланған қару халықтың өмірі мен қауіпсіздігіне қауіп төндіретініне аударуы қажеттігін атап көрсетті. Оның айтуынша, олар енді кез келген заңсыз әрекеттерге қолданыла алады. Барлық адамдардың қаруды ұрлауға қатысы болмауы мүмкін екендігін ескере отырып, тауып алған азаматтарды оларды ерікті түрде тапсыруға тағы да шақыратынын жеткізді.

Оның айтуынша, бүгінгі таңда 31 қару ерікті түрде тапсырылғанын атап өткім келеді. Арнайы жедел-тергеу топтары құрылды және жұмыс жасап жатыр, кәсіби көмек көрсету үшін ІІМ Орталық аппаратынан тәжірибелі қызметкерлер жіберілді.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

САРАП

ҰЛТТЫҚ ЖОБА ҮМІТТІ АҚТАЙ АЛА МА?

(Соңы. Басы 1-бетте)

ТАБЫС ӨСПЕЙ ЖАҒДАЙ ӨЗГЕРМЕЙДІ

«Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» заңның қолданысқа енгеніне биыл 5 жыл өтсе де, фермерлер кооперативтердің экономикалық жағынан тиімді екендігін толық сезіне қойған жоқ. Бұл заң ауылшаруашылық субъектілерін ірілендіру, біріктіру және жер ресурстарын тиімді пайдалану, өндірілген өнімнің тұрақты сатылымын ұйымдастыру, сақтау, өңдеу және басқа да қызметтерді көрсету барысында кооперативтік принциптердің мүмкіндіктері мен артықшылықтарын іске асыру мақсатында ауылшаруашылығы саласындағы кооперацияның маңыздылығын арттыру мақсатында қабылданған болатын. Ол жүзеге асқан жағдайда еңбек өнімділігі артып, өнімге деген сұраныс тұрақталып, өндіріс қуаты тиімді пайдаланылып, ең бастысы, мемлекеттік қолдау шаралары нақтыланатын еді. Алайда, шынайы өмірде бәрі басқаша болып отыр. Оны Мемлекет басшысы 11 қаңтарда Парламент Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде де айтты.

– Халықтың барлық санатының табысы экономика деңгейімен қатар өсуі керек. Бұл өзгермейтін аксиома біздің жағдайымызға сәйкес келмей тұр. Елде құрылған әлеуметтік-экономикалық жүйе жалпы ұлттық табысты арттыруда өзінің тиімділігін көрсетті. Бірақ оны бөлісуде тиімсіз екені аңғарылды. Мұны барлығыңыз да білесіздер және жақсы түсініп отырсыздар. Экономикалық өсуден негізінен қаржылық және олигархиялық топтар пайда тауып отырды. Қалыптасқан олигополиялар еркін нарықтың дамуын айтарлықтай шектеп, елдің бәсекеге қабілеттілігін төмендетті. Мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі мен қолжетімділігі туралы көптеген әділ сұрақтар туындап жатыр. Қалыптасқан жүйе негізінен ірі құрылымдарға «достарға – бәрі, қалғандарына – заң бойынша» қағидатымен қызмет көрсетуге бағдарланған. Шын мәнінде қазіргі жүйе экономикадағы олигополияны одан әрі күшейтеді. Ірі кәсіпорындар бәсекелестікті тұншықтырып, реформалар жасауға кедергі болатын ерекше артықшылықтарға ие, – деген Қ.Тоқаев ауыл шаруашылығына ерекше назар аудару керектігін ескертті

«ШЕЛЕК ФЕРМЕРЛЕРІ» КӨПKE YЛГІ

Алматы облысындағы ауылдық аймақтарды дамытудың кешенді бағдарламасының «Шелек фермерлері» жобасына биыл 7 жылдан асты. «Филип Моррис Қазақстан» ЖШС қолдауымен «Еңбекшіқазақ ауданының жергілікті қоғамдастықтар қоры» коммерциялық емес ұйымы 2014 жылы бастаған бұл жоба ауыл тұрғындарына көкөністерді өсірудің заманауи әдістерін, сондай-ақ маркетинг, логистика және сату негіздерін оқыту есебінен өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Компанияның сыртқы байланыстар жөніндегі басқарушысы Әсел Ахметованың сөзіне қарағанда, «Шелек фермерлері» кооперативі өзінің тиімділігін дәлелдеді және бизнес пен коммерциялық емес ұйымдардың күш-жігерін мемлекеттің



қолдауымен біріктіру өз жемісін бере алатынын көрсетті. Ол кооперация фермерлерге тұрақты даму, АӨК-ні нығайту мемлекетке және қоғамға пайда әкелетінін іс жүзінде дәлелдеді.

Жалпы, бұл қолданысқа ауылдық аймақтарды дамыту жобасы 2010 жылы басталды. Тарихы 2014 жылы басталатын «Шелек фермерлері» оның бір бөлігі ғана. Сол жылы Жергілікті қоғамдастықтар қоры өздеріне көмек сұрап келген фермерлердің бастамасына қолдау көрсету туралы «Филип Моррис Қазақстан» компаниясына ұсыныс жасайды. Соның нәтижесінде компания фермерлердің жұмысын ғылыми тұрғыдан жолға қоюға Флорида университеті (АҚШ) мен Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінің зерттеу тобын сарапшы ретінде тартады. Олар тұқым жеткізуден бастап дайын өнімді тұтынушыға жеткізуге дейін барлық үдерісті зерттеп шыққан. Соның қорытындысы бойынша 2015 жылы алғашқы тәжірибе жұмысын жүргізуге 4 фермер іріктеліп алынған. Олар Шелекте 2013 жылы ашылған Агробизнес орталығындағы егістік алқабының бір жағына дәстүрлі, екінші жағына заманауи технологияларды қолдана отырып көкөніс өсіруді бастайды. Мамандар фермерлерге заманауи агротехнологияларды пайдалану бойынша ұсыныстар да әзірлеп береді. Ал 2015 жылы олардың жинаған өнімін сату үшін Райымбек Баталов Алматыдағы өзінің 3 дүкенінен сауда сөресін тегін ұсынды. Бас болмақ оңай, бастамақ қиын дегендей келесі жылы фермерлер саны 4-тен 20-ға жеткендіктен 2017 жылы олар «Шелек фермерлері» кооперативін құрып, оны тіркеуден өткізеді.

«Кооператив құрғанға дейін фермерлер өз өнімдерін жеткізудің қажетті көлемі мен тұрақтылығын қамтамасыз ете алмады және өнімді көтерме саудагерлерге төмен бағамен сатуға мәжбүр болды. Тек кооперативке бірігіп, бірыңғай заңды тұлға ретінде әрекет ете бастағанда ғана қатысушылар өз өнімдерін ірі азық-түлік кәсіпорындарына, сауда желілері мен мейрамханаларға жеткізуді жолға қойды. Осылайша, 2015 жылдан бастап фермерлер жидектер мен көкөністерді «Арзан», METRO Cash&Carry супермаркеттеріне, сондай-ақ New Kitchen компаниясына және «Цин-Қаз» қайта өңдеу кәсіпорнына тікелей жеткізіп келеді, – дейді Әсел Ахметова.

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданындағы Жергілікті қоғамдастықтар қорының директоры Бақытгүл Елшібаеваның пайымдауынша, фермерлерді өз мәселесін өзі шешуге үйрету керек. Шелек ауылында біз осы мәселелердің кейбірін өндірушілерін кооперациялаудың нақты жұмыс істейтін үлгісіне айналды. Ол мықты негіз қалады, оның негізінде енді басқа да перспективалы жобаларды іске асыруға болады. Шелек ауылындағы Агробизнес орталығына адамдар жер-жерден кенес, көмек алуға келуде. Онда олар әлемдегі озық технологиялармен, еліміздегі заңнамадағы өзгерістермен танысады. Тамшылатып суғару, қас-сеталық өсіру, сорттарды сынақтан өткізу дегенді естіп қана қоймай, көзімен көрген соң кейбірі өз шаруашылықтарына 25 агротехнологияны енгізуге мүмкіндік алды. Олар әрбір жиын-теріннен кейін алдағы жылы қандай сорт егеміз, қандай өнімге, қандай сортқа сұраныс бар дегенді өзара талқылайды. Бұл фермердің білім деңгейінің де өскенінің белгісі. Бұрын 4-5 гектардан 2-3 млн теңге табыс тауып, соны қанағат тұтқандар қазір оны шағын жылыжайдан-ақ табуға болатынын түсіне бастады. Мәселен, Марат Мансұров өзін көп уақытқа дейін фермермін деуге ұялғанын және «Шелек фермерлері» жобасына келгенге дейін қаржы жинап қалаға кетуді ғана ойлағанын айтты.

– Қазір мені Алматы қызықтырмайды. Ауылда тұрып та өмірінді өзін қалағандай өзгертуге болатынын көрдім. Қазір мен өз ісіме бизнес ретінде қараймын. Жыл сайын өзіме бір жаңалық ашам. Мысалы, былтыр көкөніс пен жеміс-жидек өсіретін алқапты дронмен 15 минутта өңдеуге қолжеткіздім. Бұрын мұның бәрін қолмен атқаратынбыз. Бұл жұмысты дронмен жасауды ешқашан ойлаған да жоқ едім, – деген Марат қазір, өзі төрағалық ететін кооперативтің көкөністің әр түрінен қалаға күн аралатып 2-3 тонна жеткізетінін және аптасына бір рет аймақтарға да жіберіп жатқанын айтты. Оның айтуынша, «Шелек фермерлері» ӘКК 2021 жылы 120 тоннадан астам көкөніс, 20 тоннадай таңқурай мен құлпынайды супермаркетке өткізген. Сондай-ақ, өнім өндешігін кейбір кәсіпорындарды да қажетті шикізатпен қамтамасыз еткен.

ПИЛОТТЫҚ ЖОБАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНДЫ

Алматы облысы ауыл шаруашылығы басқармасының өсімдік шаруашылығы бөлімінің басшысы Ерлан Османбековтің сөзіне қарағанда, «Шелек фермерлері» облыстағы органикалық өнім өндірушілердің пилоттық жобасына да енгізіліп отыр. Енді олардың тынайтықтары мемлекеттен субсидияланады. Сондықтан кооперацияны фермерлерге кеңірек насихаттау үшін 2022 жылы олар семинар-жиындарды Агробизнес орталығымен бірлесіп ұйымдастырмақ. Кооперативтің артықшылығын шаруа қожалықтары өз көзімен көруі үшін «Шелек фермерлерін» үлгі етіп көрсетпек. Жалпы, қазіргі кезде облыстағы көкөністің 60-80 пайызы жеке шаруашылықтарда өндірілетінін ескерсек, еңбек өнімділігін де өнім көлемін де еселеп арттыруға мұнда мүмкіндік мол. Оны Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Дәурен Оналбаев да растауда. Кәсіпкерлер палатасы Жергілікті қоғамдастықтар қорының табысты тәжірибесі бойынша ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру жөнінде алдына үлкен міндет қойып отыр. Кәсіпкерлер арасында, оның ішінде салалық белгілері бойынша бірігуге болатын «Бастау бизнес» жобасының түлектері арасында білім беру іс-шараларын ұйымдастырып, түсіндіру жұмыстарын да жүргізуде.

– Жалпы елімізде ауыл шаруашылығы кооперацияларына 2017–2018 жылдары мемлекет субсидиялау тәртібін тіркеді. Сол кезде Алматы облысында 160 кооператив тіркелді. Оны ашу-дағы басты мақсат сүт пен ет бағытындағы мемлекеттік қолдау қаржысын алу ғана болып, көбінде ұзақ мерзімді жоспар болмады. Қазір облыстағы 160 кооперативтің 32-сі ғана жұмыс істейді. Оның сегізін ет бағытында, 18-і сүт бағытында, бесеуі жеміс-жидек бағытында, біреуі құс шаруашылығында жұмыс жасайды. Өрине бұдан басқа да біз білмейтін кооперативтер болуы да мүмкін. Өйткені, облыста 52 мыңнан астам шаруа қожалықтары бар. Салықтық юстиция мәліметі бойынша оның 46 мыңы жұмыс істейді. Оның ішінде ұсақ тауарлысы өте көп. Жалпы, кооператив қызметі тиімді болу үшін оған лидер керек. Сондықтан Алматы облыстық кәсіпкерлер палатасы күзден бастап Агробизнес орталығына өз жаттықтырушыларын жіберіп, оқытуда. Сондай-ақ, 6 ауданнан қазір кооперация ісін жүргізушілерді іздеп жатырмыз, – дейді Дәурен Оналбаев.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенінің дамыту жөніндегі 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобасында мақсат – еңбек өнімділігін 2,5 есе арттыру, АӨК өнімінің экспорттың 2 есе ұлғайту және отандық өндірістің әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету арқылы бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіп кешенін құру деп көрсетілген екен. Бұл үшін мемлекеттік бюджеттен 2021–2025 жылдарға 2703,3 млрд теңге және одан тыс 4100,0 млрд теңге қарастырылыпты. Егер осы қаржы тағы да ат төбеліндей ғана ірі өндірушілердің қажетін өтеуге жұмсалса, бағдарлама өз міндетін орындауы неғайбыл. Бұл жұмыс саладағы өнімнің басым бөлігін өндіретін шаруа қожалықтарының еңбек өнімділігін арттыруға және бұл үшін олардың басын біріктіретін кооперация жұмысын жандандыруға жұмсалғанда ғана елді азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі түбегейлі шешімін табуы анық. Үкімет ауыл шаруашылығын әртараптандыру арқылы 2021 жылға дейін азық-түлік экспорттың 40 пайызға көбейту туралы өзіне жүктелген міндетті аяғына дейін жеткізбеуіне кооперация құрудағы нақашылдықтың әсері болғаны әлі ұмытылған жоқ.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

БІРЛІГІ КҮШТІ ЕЛ ОЗАДЫ

Ел арасындағы дау-жанжалдарды бітіммен шешуде қазақ билерінің үлесі зор. Төле, Қазыбек, Әйтеке билер бастаған дана билеріміздің есімдерін атаған тұста көз алдымызға бүкіл елдің тұтастығы, халқымыздың татулығы мен ауызбіршілігі келеді. Себебі, біз аузы дуалы, сезге жүйрік, тілге шешен қайталанбас қазақ билерінің «Алдыңа келсе атаңның құнын көш», «Иілген басты қылыш кеспейді» деген тәмсілмен көмек сұрай келген тараптарды ығы кешірімге шақырып, кез келген дауды өзара келісіммен шешкенін тарих беттерінен оқып өстік. Тіпті, «Қол сынса жең ішінде, бас жарылса бөрік ішінде» деп би-шешен, ақсақалдарымыз жылдап шешімін таппай жүрген руаралық дауларды шешіп, ұлт пен ұлыстың тұтастығын сақтай білген.



Елімізде Мемлекет басшысының дауларды бітіммен шешудің баламалы тәсілдерін қарастыруды міндеттеуінің нәтижесінде ата-бабамыздан қалған осы игі дәстүр бірнеше жылдан кейін қайта жаңғырды. Себебі, қоғамда дау көп, көпшілік мәселесін тек сот арқылы шешкісі келеді. Әрине, қоғамның сот төрелігіне бір ауыздан сенім артып, сотқа жүгінуі құптарлық. Алайда, ұсақ-түйек дау-жанжалдарды соттың таразысына салмай-ақ, «дау мұраты – бітім» демекші, дер кезінде тараптарды татуластыру арқылы бейбіт шешкенге не жетсін. Осылайша, елімізде санаулы уақыттың ішінде дауларды өркенітетті шешудің жолы қалыптасып үлгерді.

Атап айтсақ, 2011 жылы татуластырудың тұтқасы саналған «Медиация туралы» заң қабылданды. Аталған заң азаматтық, еңбек, отбасылық, әкімшілік құқықтық қатынастардан және өзге де қоғамдық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу барысында, қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар, атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындай-

тын қатынастар бойынша қолданылады. Бүгінде соттардағы дау-дамай деңгейін төмендету барысында татуластыру рәсімдерін насихаттап, кеңінен қолданысқа енгізу мақсатында тоқтаусыз жұмыстар жүргізілуде. Нәтижесінде, жыл сайын медиацияға жүгінушілер қатары өсіп, бітіммен аяқталған істер саны артуда. Атап айтсақ, бүгінде еліміз бойынша 47 татуласу орталығы ашылып, 413 билер кеңесі құрылып, даулардың 28 пайызы сотқа дейін татуласумен аяқталған.

Мемлекет басшысы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауында: «Дау-дамайды шешудің баламалық тәсілдерін де дамыту қажет. Бұл ұстаным мемлекеттің қатысуынсыз-ақ ымыраға келуге жол ашады. Дамыған елдерде мұндай институттар өзін-өзі таныта білуде», – деген еді. Осы ретте өткен жылдың желтоқсанында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қа-

былданды. Оның негізінде алты заңға өзгеріс енгізілді, өзгерістер енгізілген заңның арасында «Медиация туралы» заң да бар.

Осы орайда заңдағы басты өзгерістер мен толықтыруларға тоқталып өтсем. Аталған заң 8-1-баппен толықтырылып, уәкілетті органның құзыреті айқындалды. Уәкілетті орган медиация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырып, медиация жүйесінің жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз етеді, медиаторлар ұйымының қызметін үйлестіріп, өз құзыреті шегінде медиация мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді, медиация туралы заңнамаға құқықтық мониторинг жүргізіп, медиация саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады, халықты медиаторлар ұйымы, медиацияны қолданудың тетіктері, негіздері мен шарттары туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді, медиаторлар ұйымдарының тізілімін жүргізеді.

Сондай-ақ, медиацияны жүргізу тәртібі мен тәсілінің аясы кеңейтілді, енді онлайн-медиативтік келісім жүргізуге мүмкіндік бар. Бұрынғы заң бойынша мұндай мүмкіндік қарастырылмаған. Медиация тараптар мен медиатордың өзара келісуі бойынша: тараптардың медиатормен жеке-дара және бірлескен кездесулері түрінде немесе бірлескен телефонмен әнгімелесулері арқылы, бейне-конференц байланыс арқылы жеке-дара және бірлескен әнгімелесулері түрінде, тараптар мен медиатор арасында электрондық хабарлар алмасу арқылы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пайдаланыла отырып, осы заңның талаптарына қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен жүргізілуі мүмкін.

Тағы бір айта кетерлігі, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекстің 158-бабына сәйкес, соттан тыс тәртіппен жасалған алимент төлеу туралы келісімді медиаторлар, адвокаттар, Заң консультанттары палатасының мүшелері де толтыра алады. Бұған дейін тек нотариус жүзеге асырып келген болатын.

Қорыта айтсақ, дамыған елдерде даулардың басым бөлігі сотсыз, тараптардың өзара келісімімен аяқталады. Сондықтан, өлшеулі өмірде дауды дау алаңына шығармас бұрын, татулық, бірлікті ойлағанымыз абзал. Себебі, «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады» демекші, біздің бірлігіміз бүкіл елдің бірлігі деп білемін.

Рахымжан БЕЙСЕНОВ,
Ақтау қаласы №2 сотының
төрағасы

«Отан – отбасынан басталады». Отбасы берік, мықты болса, мемлекеттің де іргететасы мығым. Сондықтан болашағын ойлаған елдердің барлығы отбасы институтын жандандыруға, отбасылық құндылықты қорғауға ерекше көңіл бөледі. Ерлі-зайыптылар арасындағы одақты сақтау үшін некені бұзуға қатысты қадамдарды қиындаатып, ажырасуға арнайы заңдар арқылы тосқауыл қойған елдер аз емес.

ОТАННЫҢ БІР БӨЛШЕГІ – ОТБАСЫ

Әрине, ажырасамын деген азаматтарды жоғары айыппұл да, заң да тоқтата алмайтыны анық. Дегенмен, дәл осы мәселеде «отбасы – ерлі-зайыптылардың ішкі мәселесі» деп қол қусырып қарап отыруға тағы да болмайды. Өйткені, ажырасудың салдары ауыр. Ажырасу – шаңырақтың шайқалуына, толық емес отбасылардың көбеюіне алып келеді. Соның кесірінен қаншама бала ата-ана мейірімін көрмей ержетеді. Өке тәлімінен бір қағылса, күні-түні жұмысқа байланған анасына жете алмай балалар тағы жапа шегеді.

Ажырасу – бұл таусылмайтын сот процестері, қаржылық қиындық, бұрынғы туыстар арасындағы бітпейтін тайталасқа ұласады. Ендеше, мұндай ауқымды мәселені көп болып, мемлекеттің араласуымен шешудің маңызы зор. Жоғарғы Сот тарапынан қолға алынған «Отбасылық сот» пилоттық жобасының да мақсаты осы.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бастамасымен тәжірибеге енгізілген «Отбасылық сот» пилоттық жобасы аясында көптеген іс-шаралар жүзеге асырылды. Бұл жоба неке бұзу деректеріне тереңірек үңіліп, ажырасуға бел байлағандарға жол көрсетіп, жөн сілтеуге негізделді. Жобаға сәйкес енді некені бұзуға өтініш бергендер алдымен психолог мамандардың, татуластырушы судья, медиаторлармен сөйлесіп, ақыл-кеңесін алады. Өз ісінің мамандары тараптардың отбасылық мәселелерін анықтап, некені сақтап қалуға барынша көмек көрсетеді. Осының нәтижесінде сақталып қалған неке санының күн санап артқаны қуантады. Сонымен қатар, медиация тәртібімен және Билер кеңесінің көмегімен де елімізде некенің бұзылмауына барынша ықпал ету шаралары жүзеге асырылып жатыр.

Қолданысқа енгізілгеніне көп уақыт өтпесе де «Отбасылық сот» пилоттық жобасы қоғамға керек екенін көрсетті. Бұл жобаның артықшылығы өте көп. Ең алдымен жоба ерлі-зайыптылардың сенімін арттырды. Мемлекет біздің мәселемізге бей-жай қарамайды екен, отбасының сақта-

луына мүдделі екен деген үміт пайда болды. Екіншіден, жоба тараптардың психолог, педагог, медиатор, заңгер секілді өз саласын жетік білетін мамандардан бір орталықта кеңес алуына ықпал етті. Үшіншіден, жобаның нәтижесінде ерлі-зайыптылар өз қатесін түсінуге, бір-бірін тыңдауға, мәселеге басқаша қырынан қарауға үйренді.

Бұл жоба судьяларға да үлкен жауаптылық жүктеп отыр. Неке бұзуға қатысты азаматтық істерді қарағанда судья сот мәжілісінде екі жақты татуластыру үшін әрекет жасауға мүдделі. Екі жақтың уәжін тыңдап, талап-тілектерін терең екіп, екі жақты татуластыру үшін мүмкіндік ретінде үш айға дейін мерзім береді. Жұбайлардың жаңысын сақтап, ортақ некенен туылған балалары жетімдік көрмеуі үшін заң жүзінде соттың қолынан келетін құзыры осы ғана.

Дегенмен, ажырасу деректерін азайту үшін отбасы құрғалы отырған жандардың жауаптылығын көтеріп, неке бұзудың салдарын алдын ала түсіндірген абзал. Осы ретте азаматтық хал актілерін тіркеу орталықтарында отбасы құрғалы отырған жастарға келелі кеңес беріп, бақытты отбасының үлгісін көрсеткен жандар кездесу ұйымдастырудың, психологтармен сабақтар өткізудің көмегі көп.

Самат ЖЕЛДЕРБАЕВ,
Қармақшы аудандық сотының
судьясы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ



СОТҚА ДЕЙІНГІ ХАТТАМА

Азаматтық процестік кодекске өзгерістер енгізіліп, ол 2022 жылғы қаңтарда күшіне енді. Осы орайда, заңнамадағы өзгерістерді азаматтарға жеткізу мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық заңнаманы жетілдіру, дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңнамасына» жан-жақты тоқталған артық емес.

Жаңа өзгерістерге сәйкес, судья шағым келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы мәселені шешеді. Татуласу рәсімдері жүргізілген кезде талап қоюды қабылдау ол келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Сотқа дейінгі хаттама дәлелдемелерін тараптар және іске қатысатын басқа да тұлғалар бірінші сатыдағы сотқа талап қоюды қабылдау кезінде ұсынады. Талап қоюды қабылдау ол келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Татуласу рәсімдеріне талап қоюды қабылдаған кезде судья Азаматтық процестік

кодекстің 17-тарауында көзделген татуласу рәсімдерін басшылыққа алады. Талап қоюды бірінші сатыдағы соттың іс жүргізуіне қабылдап, судья сот ісін жүргізу тілін көрсетумен бірге азаматтық іс қозғау туралы ұйғарым шығарады. Сот тараптарға татуласу рәсіміне қатысу үшін шақырту жібере отырып, тараптардың татуласуына шаралар қабылдайды, оларға дауды процестік барлық сатысында реттеуге жәрдемдеседі.

Қамтамасыз ету шараларын қабылдау кезінде шақырту тиісті ұйғарым шығарылғаннан кейін жіберіледі. Тараптар татуласу келісімін, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді немесе дауды партисипативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісімді жасап не осы кодексте белгіленген тәртіппен өзге де тәсілдерді пайдалана отырып, дауды өзара талаптардың толық көлемінде не бір бөлігінде реттей алады. Татуласу рәсімдерін қолдана отырып дауды реттеу туралы өтінішхат, егер осы кодексте немесе заңда өзгеше көзделмесе, талап қою ісін жүргізудің кез келген ісі бойынша мәлімделуі мүмкін.

Талап арыздар татуластыру рәсімін жүргізуге мамандандырылған судьяларға бөлінеді.

Татуластырушы судья ең алдымен: талап қоюды қабылдау үшін құқықтық кедергілер болған кезде талап қоюды қабылдаудан бас тарту немесе қайтару туралы ұйғарым шығарады; тараптарды талап қоюды қабылдау үшін негіз болған жағдай-



да сотқа талап қоюдың келіп түскені туралы хабардар етеді; сотқа дейінгі хаттаманы жасау жөніндегі құқықты түсіндіре отырып, тараптарға татуластыру рәсіміне қатысуға арналған келісімді талап қою келіп түскен кезден бастап келесі күннен кешіктірмей жібереді.

Азаматтық іс қозғау, егер талап қоюға қамтамасыз ету шараларын қабылдау туралы өтініш қоса берілсе істі сот талқылауына дайындау және қамтамасыз ету шараларын қабылдау туралы ұйғарым шығарады. Азаматтық іс қозғалған кезден бастап келесі күннен кешіктірмей тараптарға шақыру жібереді.

Сотқа дейінгі хаттама жасау арқылы татуласудың артықшылықтары мен салдарын түсіндіреді,

тараптардың пікірін анықтайды. Ауызша өтініш АВФ арқылы тіркеледі немесе жазбаша өтініш талап етіледі.

Сотқа дейінгі хаттаманың тараптық бланкісін (үлгісін) ұсынады және оны жасау үшін мерзім белгілейді.

Тараптарды татуластыру рәсіміне, оның ішінде сотқа дейінгі хаттама жасай отырып медиаторды немесе өкілдерді шақыру құқығын түсіндіреді.

Үйлестіру процедурасын жүргізеді. Өтініш бойынша немесе өз қалауы бойынша татуластыру рәсіміне қатысу үшін тараптардың татуласуына жәрдем көрсете алатын басқа адамдарды жариялайды.

Егер тараптар 10 жұмыс күні ішінде сотқа дейінгі хаттама жасамай-ақ татуластыру рәсімдері шеңберінде келісімді бекіту туралы өтініш жаса-са, азаматтық іс қозғау және оны сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым шығарады. Сотқа дейінгі хаттаманы жасай отырып татуласқан жағдайда мұндай ұйғарым 15 жұмыс күнінен кешіктірмей шығарылады.

Келісімнің шарттарын заңға сәйкестігін және алдын ала сот отырысында үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзушылықтардың болмауын тексереді, оны бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады.

Тарап(тар) келмеген не татуластыру рәсіміне қатысудан бас тартқан жағдайда, татуластыру рәсімінің сәтсіздігін анықтамалық парақта көрсете отырып, қайта бөлу үшін 10 жұмыс күні өткенге дейін талап қоюды сот кеңсесіне береді.

Д. ТОЙЖАНОВА,
Сайрам аудандық сотының судьясы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

БАСТАМА



КОМИССИЯ ОҚИҒАНЫҢ СЕБЕБІН ҒАНА ЕМЕС, САЛДАРЫН ДА ЗЕРТТЕМЕК

Алматыда белгілі құқық қорғаушылар мен қылмыстық іс жүргізу бойынша маманданған заңгерлерден тұратын қоғамдық комиссия құрылды. Бұл жөнінде заңгер Айман Омарова мәлімдеді. Комиссия қасіретті қаңтар оқиғасының ақиқатын зерттеуге жұмыс істейді.

Айман Омарова: «Біз тәуелсіз қоғамдық комиссиямыз. Қазір осы іс аясында екі мыңнан астам қылмыстық іс бар. Комиссия тек жәбірленушілерді, полицияны, соққыға жығылғандарды ғана тексеріп, зерттейді. Қазақстанда неге осындай қанды оқиға болды? Осыған баса назар аударамыз. Түгел зерттейміз. Комиссия құрамында қорғаушылар болады, олардың барлығы тәжірибелі, қылмыстық істі қарайтын қорғаушылар. Комиссия мүшелерінің тізімі бар. Бірақ, олардың кім екенін қауіпсіздік үшін жарияламаймыз», – дейді.

Сонымен қатар, Айман Омарова жаппай тәртіпсіздікті өз көзімен көргенін айтты. «Бесінші қаңтар күні сол жерде мен болдым. Түсірген видео да бар. Ол жерде ешқандай да бейбіт шеру болған жоқ. Мен оларды көрдім. Түрі қазақ сияқты, бірақ қазақша да, орысша да сөйлемейді. Кейбір жігіттердің тілінің диалектісі бар. Комиссия жұмысы бойынша баспасөз мәслихатын өткізіп тұрамыз. Өзім әлеуметтік желі арқылы тікелей эфирге шығып отырамын», – дейді белгілі заңгер. Айман Омарова осы қоғамдық комиссияға жетекшілік етеді, оның құрамына оннан астам адвокат топтасқан. Бұл идеяны

ҚР Мемлекеттік хатшысы Ерлан Қарин де құптаған.

«Қаңтардағы болған оқиғалар туралы мәліметті, сол бойынша барлық қылмыстық іс-материалдарды Ішкі істер органдары бізге ашық беретін болды. Бір ауыз сөзбен айтқанда комиссияға іс-материалдарына қол жеткізуді мемлекет қамтамасыз ететін болды. Әйтпесе, бұл құжаттарсыз комиссия ештеңе бітіре алмайды. Ерлан Қаринмен сөйлескенде осы мәселелер шешілді. Менің комиссияда білікті адвокаттар жұмыс істейді. Тек Алматы, Нұр-Сұлтан емес, барлық өңір бойынша мамандар тартылады. Алдағы күндері баспасөз мәслихатын өткізгенде айтыла жатар», – дейді Айман Омарова. Және бір сөзінде ол: «Абзал Құспанның құрған комиссиясы қазіргі болып жатқан ұрып-соғуға қатысты құрылды. Көбіне сол істермен айналысады. Ал менің бағытым бөлек. Менікі экстремизм, терроризм қайдан келді, оқиғаның хронологиясын толық бастан-аяқ зерттейміз. Бірақ Ерлан Қаринге іс-материалдарды алғаннан кейін адвокаттарға қысым көрсетілмеуі керек деген талап қойдым. Мемлекеттен бұл жұмысымыз үшін ешқандай ақша алмаймыз. Өзіміздің құқық қорғаушылардың қоры бар, одан бөлек кәсіпкерлер мен қарапайым халықтан жиналған ақша адвокаттардың жолы мен шығынын көтеретін болады», – дейді адвокат.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

БІР МҮДДЕ

СЫН САҒАТТА БІРТҰТАСТЫҒЫМЫЗДЫ КӨРСЕТТІК

Елдің басына түскен жағдай Сыр өңірінің бас шаһарын да айналып өтпеді. Наразылық кезінде тәртіп бұзғандар қаладағы мемлекеттік маңызы бар әкімшілік нысандармен қатар орталық алаңдағы сот ғимаратына да шабуыл жасады.

Нәтижесінде ғимараттың көп бөлігі (бірінші, екінші қабаты түгелімен), қызметтік автокөліктер өртеніп, терезелер мен есіктер сынып, техникалық құралдар тоналса, кейбіреуі жарамсыз күйге түсті. Жылу, электр жүйесі толығымен істен шығып, көп мөлшерде залал келіп, соттың қалыпты жұмыс жасауына едәуір зиянын тигізді.

Оқиға болған түні Қызылорда облысы соттар әкімшісінің қызметкерлері өздерінің өмірі мен денсаулығына қауіп төнгеніне қарамастан С.Тойшиев пен Б.Изенов мемлекеттің мүлкін сақтап қалу мақсатында сот ғимаратының электр және жылу жүйесін өшірсе, Е.Раушанбекұлы мен Н.Ибраев екі қызметтік көлікті өрттен құтқару үшін өздерінің жеке көліктерімен сот ауласынан алып кетіп, ерлікке пара-пар әрекеттер жасады.

Осынау қиын-қыстау кезеңде сот ұжымы бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, күннің суығына қарамастан демалыс күндері шұғыл шаралар қабылдап, қолдануға жарамды құрал-жабдықтарды оқшаулап, ғимаратты құл-қоқыстан тазалау, ретке келтіру жұмыстарын жүргізді.

Жалпы, сот жүйесі бұрыннан-ақ даудың ақ-қарасын шешіп, жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіретін, араздасқанды табыстырып, әрқашан татулыққа бастайтын баламасы жоқ бірден-бір мекеме. Яғни, азаматтарымыз кез келген уақытта бас сұғып, заң алдында араша сұрайтын халықтың үйі десек артық болмас.

Осы мақсатта халыққа тиімді қызмет көрсетіп, жұмысты тоқтатпау үшін қыс мезгілі бола тұра, жылуы жоқ ғимаратта Қызылорда қалалық соты, №2 сот, мамандандырылған экономикалық, әкімшілік құқық бұзушылық, тергеу, қылмыстық істер жөніндегі соттардың қызметкерлері бұрынғы ғимаратта, ал жұмыс орнының басым бөлігі жарамсыз күйге түсуіне байланысты облыстық сот пен соттар әкімшісі орталық алаңда орналасқан «Қорқыт ата» атындағы ҚМУ-дың бас ғимаратында штаттық режимде бір күн де тоқтатпай жұмыстарын жалғастыруда.

Ақпараттық технологиялар қызметі мамандарының арқасында бүлінген электрондық құралдар мен кабельдер дереу қалыпқа келтіріліп, сот жүйесінің «Төрелік» бағдарламасы мен «Сот кабинеті» сервисі үздіксіз қызмет көрсетуде.

Осындай сын сағатта тізе қосып қимылдап, баршамызға ауыр тиген жүкті жұмыла көтерген барлық сот ұжымы «күшіміздің бірлікте» екендігін дәлелдей білді.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

АЙМАҚ

СӨЗДЕН ІСКЕ КӨШЕТІН КЕЗ КЕЛДІ



Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеевтің төрағалығымен өткен отырыста облыста ауыл шаруашылығының негізгі салаларын дамыту мәселелері туралы баяндалды. Бұл саланың аса маңызды екеніне тоқталған өңір басшысы барлық жұмыстар жүйелі жүргізіліп, жауапты өкілдер сөзден іске көшуі керектігін айтты. Ел көзбояушылық пен құрғақ статистика емес, әр жобаның жүзеге асырылуын күтіп отырғанын жеткізіп, сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Облыста азық-түлік қауіпсіздігі, шаруаларды тұқыммен, жем-шөппен, тыңайтқышпен қамтамасыз ету мәселелері, субсидияның қолжетімділігі және егін егу науқаны қатаң бақылауда. Өртаптаңдыру нәтижесінде егіс көлемі 844 мың гектарға жеткізілді. Өңірде қарқынды бау, сүт тауарлы ферма, құс етін өндіру, мал бордақылау кешені, өнеркәсіптік жылыжай, етті қайта өңдеу кәсіпорындары, өсімдік өнімдерін қайта өңдеу, балық шаруашылығы және ветеринариялық препараттар өндіру бойынша инвестициялық жобалар жүзеге асуда. Облыс басшысы жұмыстарды өңірдің барлық аудан, қалаларда қарқынды жүзеге асыруды тапсырды.

Сонымен бірге, жиналыста облыс бюджетінің 2021 жылдың қоры-

тындысымен игерілуі де қозғалды. Облыс бойынша өткен жылға арналған облыс бюджетіне түсімдер 115,3 млрд теңге сомасында көзделіп, бюджетті атқару 3,5 млрд теңгеге асыра орындалды. Өткен жылдың қорытындысымен бюджеттің атқарылуы 99,8%-ды құрап, республика деңгейінде игеру нәтижесі 1-орынды көрсетті.

Сонымен қатар, өңір басшысы «Nur Otan» партиясы Түркістан облыстық филиалының Саяси кеңесінің кезектен тыс мәжілісін онлайн форматта өткізді.

Аталған мәжілісте «Nur Otan» партиясының кезектен тыс өтетін XXI съезіне Түркістан облысынан делегаттар сайлау мәселесі қаралды. «Nur Otan» партиясы Түркістан облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бейсен Тәжібаев елорда төрінде өтетін съезге қатысатын өңір делегаттарының тізімімен таныстырды. Маңызды жиынға қатысатын делегация құрамына Түркістан өңірінен 28 делегат енгізілді. Олар съезге онлайн түрде қатысады. Саяси кеңес соңында арнайы қаулы қабылданып, күн тәртібіндегі мәселелер өз шешімін тапты.

Тағы бір айта кететін жайт, Түркістан облысы әкімінің төрағалығымен еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын талқылау,

мәселелерді зерделеу мақсатында өңірдің бизнес қауымдастық өкілдері мен облыс активінің қатысуымен жиын өтті.

Кездесуде бизнес ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, адал бизнесті дамыту, облыс аумағындағы кәсіпкерлерді әлеуметтік жауапкершілікке шақыру да сөз болды.

Жиында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Нұрәулет Сәмет агенттікпен арнайы әзірленген 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының негізгі бағыттарын таныстырып, адал бизнесті дамытуға арналған бірқатар ұсыныстарын айтты. Сонымен қатар, тұжырымдама жобасымен таныстырды. Ол құжатқа сәйкес мемлекеттік сағып алу саласы реттеліп, ашықтыққа негізделеді, адалдығымен танылған компанияларға артықшылық беріледі.

Кездесуде бизнес ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәзбеушілікті қалыптастыру бойынша ұсыныстар кең талқыланып, кәсіпкерлік саласында ашықтық пен жауапкершілік қағидаларын енгізу мәселелері ортаға салынды.

Раушан НАРБЕК

КЕЛБЕТ

ЕМЕНГЕ БІТКЕН ИІР БҰТАҚ



Бойына халқымыздың ізгілігі мен іскерлігін, дарқандығы мен кендігін, адалдығы мен жайсаң мінезін сіңіріп өскен абзал жанның бірі – Бақыт Нұрғалиев.

Шығыс Қазақстанның тумасы 1972 жылы Қарағанды жоғары полиция мектебін бітірісімен, бірталай жылдар осы аймақта тергеуші болып кәсібилігін шындады. Одан кейін дәурен-дәстүрімен Қазақстан түгелі Кеңес кезінде даңқтылардың қатарынан табылған, елу жылдан астам тарихында талай тұлға мен жақсы-жайсаңға тұғыр болған қасиетті шаңырақ – ҚР ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясында қалтқысыз қызмет атқарды. Мұндағы еңбек жолы қатардағы оқытушыдан бастаған ол профессор, профессорлықтан ғылыми жұмыс жөнінде орынбасар, одан әрі – академикке дейін ұласты. Әлі аттан түскен жоқ. Бақыт Молдатъяұлы 70-ке келсе де өзінің

қызметіне аса жауапкершілікпен қарайды. Өз қызметіне адал, әділеттілікті жақтаушы азамат.

Жетекші, басшы ретінде айналасына қылдай қиянат жасағанын көрмеппіз. Болған жағдайды саралап, талдап-таразылап барып бір шешімге келетін баяғы қалпы.

Бақыт Нұрғалиев «Bolashaq» академиясының күрделі бөлігі – ғылыми-зерттеу орталығының жүгін қайыспас қара нардай арқалап келеді. Еліміздің заң саласына лайықты шәкірт тәрбиелеп, оқытып, білім беріп шығаруда қосқан үлесі де шексіз. Еңбегі мәуелі жемісін беріп жүр. 5 ғылым докторын, 29 ғылым кандидатын даярлап шығарды. Бұл тізім жалғасын таба береді деген ойдамыз.

Біз оның ұйымдастырушылық қабілеті зор, өнегелі, білікті тұлға екеніне Қарағанды жоғары мектебінде қызмет атқарып жүрген кезден қанықпыз. Ол саналы жұмысшы ғылымға жұмсады. Заң ғылымының күрделі саласы – криминалистика мәселесін күйттеді. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби қалыптасуында маңызды рөл атқаратын, қылмысты тергеу мен ашудың әдістері мен құралдарын жүйелейтін ғылымдардың келелі түрін – криминалистика ғылымының қыр-сырын ақтады. Әлемдік кеңістікте қаншама мақалаларының жыл сайын бірінен соң бірі жарық көруі соның айғағы. Біз заң ғылымдарының докторы, профессор, академик Бақыт Молдатъяұлы Нұрғалиевті шын мәніндегі зиялы деп қабылдаймыз. Осынау 70-ке толған мерейлі шағында да ағамыздың еңбек сүйіштігі мен мол қайрат-жігері, ұйымдастырушылық қабілеті әлі бір сүйемге де кеміген жоқ. Ол өмірдегі және қызметтегі мол тәжірибесін ұстаздық ісіне қолданумен келеді. Бауыржан Момышұлының: «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбеккер егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» – дегені бар-ды. Ғалым, ұстаз жайындағы осы бір шағын пікіріміз сол міндетті орындаудың бір парасы ғана. Мерейлі күні өзіміз қадыр тұтатын ағамызға мықты денсаулық, сарқылмас күш-қуат, отанымыздың игілігіне еңбек ету жолында шығармашылық табыстар тілейміз.

Елеужан СЕРІМОВ,
з.ғ.к., «Bolashaq» академиясы,
отставкадағы полковник

БІЛГЕН ЖӨН

ОРТАҚ МҮДДЕ

2020 жылғы 29 маусымда тұңғыш рет Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қабылданып, 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ҚАҒИДАТТАРЫ

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттеу көзделген. Кодекс жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын жүзеге асыруға байланысты мемлекеттік және мемлекеттік емес субъектілердің кез келген әрекеттерінде қолданылады.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу болып табылады.

Сот әкімшілік істі қарау кезінде объективтілік пен бейтараптықты сақтай отырып, әкімшілік іске қатысушылардың әрқайсысына олардың әкімшілік істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеуге құқықтарын іске асыруына тең мүмкіндікті қамтамасыз етуге міндетті.

Әркім бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін осы кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгінуге құқылы.

Сотқа дейінгі реттеу тәртібі әкімшілік орган мен арызданушының арасындағы дауды өзара шешуге қосымша мүмкіндік береді. Әкімшілік актілердің күшін жоюдың жаңа ерекше тәртібі бекітілген. Заңсыз қолайлы әкімшілік актінің күшін жойған кезде әкімшілік рәсімге қатысушының сенім құқығын қорғау қағидаты назарға алынады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексімен жаңа қағидаттар енгізілді: құқықтар басымдығының қағидаты, заңдылық қағидаты, сенім құқығы

қорғау қағидаты, соттың белсенді рөлі, сот актілерінің міндеттілігі және т.б.

Сенім құқығы заңсыз әрекеттер жа-сауға негіз бола алмайды.

Әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын іске асырудан бас тартуына, шектеуіне, тоқтатуына, міндет жүктеуіне тыйым салынады.

Әкімшілік рәсімді жүзеге асыру кезінде әкімшілік рәсімге қатысушы ұсынған материалдар, құжаттар мен мәліметтер анық деп есептеледі.

Олардың төлнұсқалығына күмән болған кезде әкімшілік орган, лауазымды адам оларды дербес тексере алады. Кодекс азаматтардың құқығын қорғаумен қатар мемлекеттік орган мен жеке және заңды тұлғалар арасындағы туындаған дауларда теңсіздікті жоюға бағытталған. Сондықтан, әкімшілік сот ісін жүргізуде соттың белсенді рөлі қағидаты кеңінен қолданылады.

Соттар өз бастамасымен қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинап және әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттей алады.

Судья әкімшілік іс бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы. Сот процесінің барлық са-тыларында формальды қателерді жоюға, толық емес нақты деректерді толықтыруға, әкімшілік істің мәнін толық айқындау мен объективті бағалау үшін маңызы бар барлық жазбаша түсініктемелерді беруге жәрдем көрсетуге міндетті. Егер әкімшілік процеске қатысушылар ұсынған дәлелдемелер жеткіліксіз болып табылса, сот оларды өз бастамасы бойынша жинай алады.

Гүлмира КАЛИКОВА,
Қызылорда облысының
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының кеңсе
менгерушісі

ПІКІР

ЖАҢА РЕФОРМА ЖЕТІСТІГІ

2021 жылдың 1 шілдесінен бастап кең байтақ еліміздің барлық жерінде Мемлекет басшының жарлығымен «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында құрылған жаңа мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар жұмыс жасай бастады.

Облысымыздың Өскемен қаласында ашылған осындай сот ұжымы жария-құқықтық қатынастардағы жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдар және белгілі бір тұлғаға немесе жеке анықталған шеңберге міндеттер жүктейтін актілерді қабылдау құзыреті берілген өзге де әкімшілік органдар арасында туындайтын, лауазымды адамдардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздіктері) түсірген дауларды қарайды.

Жалпы алғанда, әкімшілік сот төрелігін енгізу кәсіпкерлер мен азаматтардың құқықтарын және мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді, мемлекеттік басқарудың нысаны арттырады. Енді кәсіпкерлер мен қарапайым азаматтар емес, мемлекеттік органдар өз ұстанымдарын сотта дәлелдеуге тиіс. Мұндай өзгерістер – құқықтық реформаның айтарлықтай күрделі кезеңі, жаһандық тенденциялар, көптеген мемлекеттер осыған ұқсас жүйеге көшкен.

Заңда басты шарт – тараптардың өзара келісімі мен татуласуы деп көрсетілген, өйткені сотқа келген кезде екі тарап міндетті түрде татуластырудың ең қалаулы нұсқасына ұмтылуы тиіс. Дегенмен, келіспеушілік туындаған жағдайда тараптардың сот шешіміне әрқашан шағым беруге құқығы сақталады.

Жалпы юрисдикциядағы соттардағыдай, бірінші сатыдағы әкімшілік соттың шешімі, істі қайта қарау туралы өтініш немесе шағым түсірілмеген жағдайда мерзімі өткеннен кейін (түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап екі ай) заңды күшіне енеді. Шағым немесе өтініш уақытылы берілсе, іс апелляциялық сатыға жіберіледі.

Басқа соттарда апелляциялық алқаның шешімі жарияланғаннан кейін заңды күшіне енеді. Әкімшілік сот төрелігінің ерекшелігі, апелляциялық сатының шешімі, егер ол кассациялық мерзімде (апелляциялық сатының шешімі түпкілікті нысанда жеткізілген күннен бастап бір ай ішінде) шағым жасалса, ҚР Жоғарғы Сотының кассациялық алқасы шешім қабылдағанға дейін заңды күшіне енбейді.

Апелляциялық шағым бірінші инстанция арқылы беріледі. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексінің 403-бабына сәйкес кассациялық шағым мемлекеттік баждың төленуін, беру мерзімдерін және қол қоюшы тұлғаның өкілеттіктерін тексеретін апелляциялық саты арқылы беріледі.

Марал ШАЯХМЕТОВА,
Шығыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының кеңсе менгерушісі

Құқық үстемдігі болған жерде өркендеу бар. Құқықтық дамыған қоғамда экономикалық жетістіктер мен өмір сүру деңгейінің өсуі, әлдегі бірлік пен келісімнің баяндылығы айқын көрініп тұрады.

Барлық мемлекеттік құрылымдардың қызметі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы, әлеуметтік әділеттік, қоғамдағы құқықтық қатынастар және т.б. осы құқық үстемдігімен қатар өрбиді.

Құқық үстемдігін күн тәртібінде басты қағида етіп ұстанатын болсақ, ондай құқықтық мемлекетте саяси ұйымның билігі, адамның, азаматтың құқығын, бостандығын толық қамтамасыз етуге жағдайлар жасалады және мемлекеттік билікті құқықтың негізінде өз пайдасына пайдалануға мүмкіндік берілмейді. Құқық үстемдігімен барлық қызметін жүзеге асыратын мемлекет – ол жеке тұлға мен қоғамның құқықтарын, бостандықтарының құқықтық қорғалуын өзінің негізгі мақсаты етіп қойған мемлекет болып шығады.

ЖЕГІҚҰРТ

ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ КҮРЕС

Қазақстан өркениет биігіне ұмтылған ел. Ал өркениетті елдің бірлігі жарасып, экономикасы тұрақты дамып, мәдениеті мен руханияты кеңінен канат жаюға тиіс.

Алайда әлемнің көптеген елдерінде негізгі мәселе саналатын жемқорлық жайы біздің елді де айналып өткен жоқ.

Сыбайлас жемқорлық құбылысының қазіргі кездегі көлемі мен залалы басқаша сипат алып отыр. Сондықтан оны заманауи тұрғыдан түсіну және оған қарсы күрес шараларын іске асыру жолдары қылмыстық алдын алу және құқық бұзушылармен жұмыс жүргізу жөніндегі БҰҰ-ның

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша практикалық шаралар» атты нұсқаулықта көрініс тапты. Аталмыш құжатта оның ең қауіпті екі түрі айтылды. Олар – мемлекеттік немесе қоғамдық мүліктерді жемқорлық жолмен ұрлау және мемлекеттік қызметкерлердің әрекетінде ұрлық белгілері байқалмаса да, олардың қандай да бір артықшылықтарды заңсыз жолмен алу мақсатында өз қызметтік жағдайын теріс пайдалануы.

Ең бастысы әрбір азаматтың бойында жемқорлыққа қарсы жііреніш сезімі оянғанда ғана мемлекет жеңіске жетеді.

Ұлттық міндет, ұлттық мүдде жо-



лында қарабақтың қамы үшін емес, жанаямай еңбек ету біздің азаматтық асыл борышымыз деп есептеймін.

Жаңылсын ДҮЙСЕНОВА,
Қазталов аудандық №2 сотының
бас маманы-сот мәжілісінің
хатшысы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

КИЕ

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

Қай уақытта болмасын тіл елдің қазынасы болған әрі бола да бермек. Тілінің қадіріне жете білмеген халқының қамын қамдай қоймас. Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретінде мәдени тұтастығына ең негізгі ұйтқы болған қасиеті – оның осы ғажайып тілі.

Бауыржан Момышұлының сөзімен айтқанда «Тіл дегеніміз қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсүгүнгі де тағдыры. Қазақ тілі өткірлігімен бой балқытып, тамыр шымырлатып жан дүниенді жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымна қонымды, жүрегіне жылы тиіп қысылтатын қатал жағдайда қайрап, егеп сөз тапқанға қолқа жоқ дегендейін елге, ерге медет болып адам түгіл, жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл». Тіл мемлекеттің тұғырлы тірегі,

халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні тұтастай кескін келбеті, ұлттық болмысы.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері төл тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Тәуелсіздік қазақ халқының мандайына мемлекет құраушы ұлт болуды сыйлады. Кеңес кезеңі тұсында өзге ұлттық айтуымен әрекет ететін Қазақстан егемендік алған соң, дербес дами бастады. Қазіргі таңда қазақ ұлты өз тағдыры үшін өзі жауапты.

Лилия ҚАРЛЫХАНОВА,
Қызылорда облысының қылмыстық істер
жөніндегі мамандандырылған ауданаралық
сотының бас маманы

КӨКЖИЕК

ГЕНДЕРЛІК ПСИХОЛОГИЯ – ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ

Гендер – бұл әйелдер мен ерлердің әлеуметтік мінез – құлқын және олардың өзара қатынасын анықтайтын өзгеше мәдени сипаттамалардың жинағы. Осылайша, гендер тек әйелдер немесе ерлерге ғана тиесілі емес, олардың арасындағы қатынасқа және осы қатынастардың әлеуметтік құрылымына да қатысты.

90-шы жылдардан бастап қоғамдағы жағдай өзгерді. Жыныс психологиясы мәселелері көптеген адамдарды қызықтыра бастады және адамдар танымал ғылыми әдебиеттерді сатып алып оқуға дайын болды. Бұл кездегі әдебиеттерді үш бағытқа бөлуге болады.

Бірінші бағытқа әйелдер мен ерлер психологиясы туралы ақпараттар көрсетілген, сонымен қатар ер мен әйелдің өзара қатынастарының күрделі мәселелерін реттеуге ұсыныстар берілген танымал басылымдардың сандары жатады.

Екінші бағыт ерлер мен әйелдерге арналған психологиялық энциклопедияларды біріктіреді. Бұл

басылымдардың мазмұнды бөлігінде сөз жынысқа жатуынан тыс тұлғаның психологиялық ерекшеліктері туралы болады, мысалы: стресспен қалай күресуге болады, қақтығыстық жағдайда өзін қалай ұстау керек және т.б.

Үшінші бағытқа ерлер мен әйелдерге олардың тұлғалық өсуіне, өзіндік дамуына, кәсіби және отбасылық өмірінде өзіндік жетілуіне кедергі жасайтын гендерлік стереотиптерді түсінуге көмектесу үшін жазылған шетелдік авторлардың еңбектерін жатқызамыз.

Жалпы айтқанда гендерлік психология – заманауи, қарқынды дамып келе жатқан ғылым саласы. Гендерлік

зерттеулер психология ғылымындағы басқа салаларға қарағанда, мысалы әлеуметтану, педагогика және т.б. төмен қарқынды дамуда. Қазіргі таңда көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда, гендерлік зерттеулер, конференциялар және көптеген ғылыми жұмыстар жүргізілуде.

Гендерлік психология міндеттері болып – теориялар мен концепцияларды, әдіс және әдістемелерді зерттеу және кең түрде зерттеу өткізу, ал оның қолданбалы аспектісінің міндеті практикаға жетістіктер мен қорытындылар енгізу XX ғасыр басында гендерлік психологияда зерттеу әдісі қолданыла бастады.

Д.КАЛАБАЕВА,
Маңғыстау облысының
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
бас маманы –
сот отырысының хатшысы

Қаланы қоңыр күз құшағына алған шақ. Тамыры тас көшемен қауышқан талдар тұнжырай бастаған. Қазанның қара дауылы қуған жапырақтар желмен жарысып ұшып барады...

Таңертең жұмысқа жиналып жатқан аға тергеуші Айдаровтың телефоны шырылдай жөнелді. Төсен қонырау қалада кісі өлімі болғанын жеткізді. Айдаров жұмысқа бармай, бірден айтылған мекенжайға бет алды.

Көпірдегі мүрде

Қылмыс қала шетіндегі үлкен көпір үстінде болыпты. Қайтыс болған қырық жас шамасындағы ер адам екен. Ең қызығы мүрденің жерде жатпай, көпірдің темір қоршауына сүйеніп тұрғаны болды. Оң жақ самайына оқ тигеннен болуы керек, бетін жан жуып кетіпті. Марқұм темір қоршауға етпеттей сүйенген, оң қолы қоршаудан асып көпірдің астына қарай салбырап тұр. Төменде ағысы бәсең өзен суы баяу жылжиды...

Полицейлер оқиға орнын мұқият тексеріп жүр.

Оқ жақын жерден атылған. Денесінде көгерген, сызылған белгілер бар. Сол қолының алақанынан бір тал шаш таптық. Сонысына қарағанда өзіне қастандық жасамақ болған адаммен біраз алысқан секілді, – деп мәлімет берді бір полицей.

Медициналық сарапшы марқұмның қазіргі дене температурасы 90,8 °F екенін айтты. Әдетте дененің қалыпты температурасы 98,6 °F (37 °C) болады. Адам өлген соң алғашқы 5 сағатта дене температурасы сағатына 1,5 фаренгейт жылдамдықпен төмендейді, ал 5 сағаттан асқаннан кейін дене температурасының төмендеуі бәсеңдеп, алғашқы бес сағаттағы жылдамдықтың 1/5-індей болады. Осы бойынша есептегенде, марқұмның өлгеніне 6 сағаттай уақыт болған деп болжауға болады. Айдаров сағатына қарағанда таңғы тоғызға таяған, демек қылмыс түнгі 02:30-03:00 аралығында жасалды деген сөз.

Адам аяғы сирек басатын қала шетіндегі көше екен, оның үстіне қылмыс түн ортасында жасалып отыр. Бейнебақылау камерасы да жоқ секілді. Қылмысты ашу оңай болмайды-ау, – деп ойлады Айдаров.

Таңғы сағат 09:30-да қалалық полиция басқармасында шұғыл жиналыс өткізілді. Өткен түнде болған қанды қылмысты ашу үшін тергеу тобы құрылып, көпшіліктің қызығушылығын тудырған істі жедел ашу міндеті Айдаровқа жүктелді.

Оқиға орнын тексерген мамандар бөгде аяқ киім ізін таба алмады. Тек марқұмның өз ізі ғана бар. Мылтық жақыннан атылғанына қарап алғашында ойға күдік кіргені рас. Шындығында азамат егер өзін-өзі атса, қолында мылтық болар еді. Өйткені, өзін тура бастан атқан жанның одан кейін қаруды лақтырып жіберуі мүмкін емес. Оның үстіне қолындағы жараның орны, костюміндегі жыртылған қалта азаматтың өлер алдында әлдекімен алысып-жұлысқанын айғақтайды. Осыған қарап марқұмның кісі қолынан өлгенін анық айтуға болады, – деп қыл-



ОЙЛАСТЫРЫЛҒАН ӨЛІМ

мыс жайын қысқаша баяндады тергеуші. Марқұмның кім екенін анықтау қиын болған жоқ. Қалтасынан жеке куәлігі табылды. Ерлан Нұрғазиев есімді 41 жастағы қала тұрғыны екен.

Шарасыз

Қалалық емханада ұзақ тексерілген Ерлан өзінің ауыр дертке шалдыққанын білгенде жанын қоярға жер таппады. Кейінгі бірнеше айда кеуде тұсы қатты шаншып ауыратын болған. Денсаулығы сырттай жақсы көрінгенімен, әртүрлі сырқат белгілері бұрыннан бар еді. Бірақ «бас ауырып, балтыр сыздағанға» бола емханаға бара беруге жағдайы да келмеді. Дәрігерге көрінуді қалтасы көтермеген соң, ауруды елемегеніп жүре берген. Соның соңы қиынға соғып отыр. Мына дертті емдеп жазу үшін өте үлкен қаражат керек.

Жанын жегідей жеген сырқат пен сары уайым Ерланның еңсесін түсіріп жіберді. Жол бойындағы ұзын орындыққа отыра беріп, көкірегін қарс айыра ауыр күрсінді. Ауыру мұның жалғыз уайымы емес, үйде ішер ас, киер киімге жарымаған бала-шағасы отыр. Үлкені он төрт, кішісі бес жасқа келген төрт баласын қатарынан қалдырмай өсіру қолынан келер емес.

Зауыт жабылғаннан бері адам секілді уысы толып ақша тауып, отбасына апарған кезі жоқ. Жөнді жұмыс кездеспеді ме, әлде сүйікті қызметінен айырылған соң беті қайтып қалды ма, белгісіз. Жеті жылдан бері еш жерде тұрақтап жұмыс та істемеді. Бір жерде бір ай, кей жерде

бірнеше ай тұрақтайды. Кейде тіпті айлар бойы жұмыссыз жатады. Әйтеуір қиындыққа қасқайып қарсы тұрған сабырлы әйелі жалғыз өзі отбасын асырап отыр.

Ерлан бұрын еңбеккер азамат еді. Қала шетінде орналасқан үлкен қант зауытында қызмет істеді. Тіпті көзге түсіп, сату бөліміне жетекшілік еткен де кезі болды. Кейін зауыт күтпеген жерден жабылып қалды. Себебін ешкім түсіндірген жоқ. Облыс аумағы қант қызылшасын өсіруге өте ыңғайлы болатын, өнім де жаман емес еді. Ел арасында, жоғарыда отырған бір докей «қантты егіп, баптап, оны өндіріп жүргенше шетелден импорттаған әлдеқайда тиімді» деп зауытты жаптырыпты деген алып-қашпа әңгіме бар. Қалай болғанда да зауыттың жабылуы облыстағы егінші ағайынға, қаладағы жұмысшы қауымға оңай тиген жоқ. Жұмыссыз қалғандарды айтпаған күннің өзінде Ерлан секілді сол беті есін жия алмай кеткендер қаншама?!

Сақтандыру салқыны

Тәжірибелі тергеуші істі неден бастауды жақсы біледі. Алдымен марқұмның жақындарымен сөйлесу керек, қылмыс болған маңнан куәгер іздеуді де естен шығармайды. Нұрғазиев туралы көбірек мәлімет жинап, оны өлтіруі мүмкін басты күдіктілерді сараптаған жөн. Суицид жазаған болуы да мүмкін, бұл нұсқаны да ерте жауып қоюға болмайды.

Нұрғазиев қала маңында тұрған екен. Жұпыны үйден жүзі жадау әйел кісі қарсы алды. Төбе шашы үрпиген төрт-бес

жастағы бала келгендерге үрке қарайды. Жылаған ана, жыылған жұртшылыққа қарап, әкесіне бірдеңе болғанын сезетін секілді. Тым жабырқау.

Ерлан кеше кешкі сағат алты мөлшерінде асығыс үйден шығып кетті. Бірнеше күннен бері көңілсіз жүрді, бізге ештеңе айтқан жоқ. Кеше үйден кетерде балаларға қараған да жоқ, үнсіз шығып жүре берді, – деп еске алды әйелі.

Ал көршілері Ерланның ешкіммен өшпесіп, ренжіспегенін, өз алдына өмір сүрген елеусіздеу адам екенін айтты. Тіпті, жақын дос-жараны да болмаған секілді. Оны танитындардың көбі «жөнді өмір сүруге талпынбаған, қырсыздау, жалқау» дегенге саятын мінездеме берді. Жұбайы да қайғымен қатар бір өкпе-назының бар екенін аңғартып алды.

Қылмыс болған жерге жақын тұратын тұрғындар ештеңе байқамапты. Мылтық дауысын естігендер де аз. Марқұмның денесі табылған көпір қаладан шеткеріде болғандықтан, жақын деген тұрғын үйлердің өзі бір шақырымдай жерде. Соған қарағанда бұл қылмыста куәгер табылмайтын секілді.

Күмәнді қару

Тергеушілер Нұрғазиевтің өмірбаяны мен оған қатысты мәліметтерді алып келді. Айдаров құжаттарды ақтарып отырып, біршама мән-жайға қанықты.

Бұған дейін сотталмаған, нашақор немесе алқаш емес, басқа да жаман әдеттері жоқ. Көптен бері тұрақты жұмыс та істемепті. Отбасының тұрмыс жағдайы төмен екенін үйіне барғанда көрдік. Соған қарағанда ешкімге пайдасы да, зияны да жоқ адам болғаны ғой, – деп ойлады Айдаров.

Мына құжат маңызды көрінеді. Өмірді сақтандыру шарты екен. Шарт 8 жыл бұрын жасалыпты. Сақтандыру шартына сай жарна біржолғы негізде төленген. Құны да қомақты. Сақтандыру бойынша төлемге әйелі мен балалары ие болады деп көрсетілген екен. Ерлан ірі зауытта жауапты жұмыс істеп жүрген кезде жасапты, ол кезде табысы тәуір болғаны анық, – деді көмекшісі құжатты Айдаровқа беріп жатып.

Тағы бір құжаттан Нұрғазиевтің бір апта бұрын қалалық емханада болғаны анықталды. Арнайы сұрау жіберіп, ауруы асқынғанын білді.

Әйелі бағана барғанымызда «соңғы бірнеше күнде тым көңілсіз жүрді» деп еді, себебі енді белгілі болды. Шынында айықпас дертке шалдыққанын білген адам қамықпай қайтсін! Оны неге жақындарына айтпағаны таңғалдырады, – деді аға тергеуші.

Кісі қолынан өлмеген секілді. Суицид болуы әбден мүмкін. Мына екі құжат сондай ойға жетелейді. Өзі науқас, емделуге қаржы жоқ. Есесіне өмірді сақтандыру шарты бар. Өзі олай-былай

боп кетсе, бала-шағасы үлкен төлемге ие болатыны анық.

Сөзінің жаны бар, – деді Айдаров, – бірақ бұл тек болжам. Оның өзін-өзі өлтіргеніне дәлел жоқ. Басына оқ тиген, қолында мылтық жоқ. Тергеушілердің бөгде аяқ ізін таба алмағанына да назар аудару керек. Бұл да суицид болжамын бекемдей түсетін факті.

Ал оның денесіндегі жаракаттар мен қолындағы шаш нені білдіреді, оқ атылған мылтық қайда? – деген көмекшісі өз-өзіне қол жұмсау болжамымен келіспейтінін білдіріп күдігін ашық айтты.

Егер адам өзін өлтіруге бел буса, тергеуді шатастыру үшін денесін жаралап, қолына әлдекінің бір тал шашын ұстап алу қиын шаруа емес. Оның үстіне сақтандыру төлемін алуды мақсат етсе, осындай жалған қылмыс алаңын жасау тіптен түсінікті. Ең маңызды жұмыс – мылтықты табу керек, – деген Айдаров қылмыс болған жерде түсірілген суреттерді қайтадан қарай бастады.

Темір қоршауы бар көпір, қоршауға еңкейе сүйенген мүрде. Оң қолы төмен салбырап тұр. Ұзақ ойланған аға тергеуші кенет «таптым» деп орнынан атып тұрды да, көмекшісіне қуана тіл қатты.

Тез жинал, әлгі көпірге барамыз. Мылтық дәл көпірдің астында жатыр.

Егер тапаншаны көпірден төмен тастаса, өзен суы әлдеқашан ағызып кетті емес пе? – деді көмекшісі түкке түсінбей.

Жоқ. Тапанша ауыр затқа байланған, оны су ағыза алмайды, – деді Айдаров сеніммен.

Тәуекел

Ерлан науқас екенін білген соң өмірден біржола күдер үзді. Ақша тауып, отбасын асырай алмаса, жазылмас дертті аркалап өмір сүрудің мәні қанша? Сандық түбіндегі сақтандыру шарты есінде. Егер жақсы жоспарлап, оқыс жағдай ұйымдастыра алса, бала-шағасы қиыншылықтан құтылады.

Осы ойдың жетегінде шұғыл жоспар жасауға көшті. Бала-шағасын, өмірді қимай бірнеше күн жүрді. Бірақ кімасытықпен тигізер пайдасы шамалы, одан да тәуекел ету керек. Қолы ұзын кезде сатып алған тапаншаны алып шықты. Әлдеқашан тіркеуден шығарылған, ісін ешкім білмейді. Үйден шығарды ойынан айнып қалмас үшін, балаларының бетіне қараған жоқ. Үнсіз шығып кетті...

Өзгелер кісі қолынан өлгеніне сенуі керек. Сонда ғана сақтандыру төлемін береді. Сол үшін қолдарын, мойны мен бетін аздап жаралады. Ағашқа қыстырылып тұрған бір тал шашты да ала салды. Өмірмен қоштасар орынды таңдап қойған. Қала шетіндегі көне көпірге барады. Ешкімнің көзіне түспес үшін түнде әрекет еткен жөн. Көпірдің қоршауына еңкейе сүйенеді. Тапаншаға ауыр темірді байлайды да, оң жақ самайға тіреп тұрып шүріппені басыды. «Тарс» еткен үнмен бірге оң қолы «сылқ» етіп төмен құлайды, ал ауыр темір тапаншаны қолынан құлып алып, өзенге түседі...

Қуаныш ҚАППАС

Өңір

Республиканың кез келген сотын алып қарасаңыз, ең алдымен соттардың жауапкершілігі мен біліктілігін арттыру, сот жұмысын жетілдіру секілді үлкен талаптар мен міндеттерді басшылыққа алады.

Осындай соттардың бірі – Қазақстанда жаңадан бой көтерген жана ауданның бірі Мұнайлыда орналасқан сот. Президент Жарлығымен 2007 жылы Мұнайлы ауданы, сәйкесінше Мұнайлы аудандық соты құрылды. Оның алғашқы төрағасы болып ҚР Президентінің 10.10.2007 жылғы Жарлығымен Әубәкіров Мұрат

Ескендірулы тағайындалған болатын. Содан бері аудандық сотты М.Алдабергенов, Б.Елемесов басқарды. 2018 жылдың желтоқсанынан бастап сот төрағасы қызметін Наурызбаев Серік Тұяханұлы атқаруда.

Мұнайлы ауданы бұрын Ақтау қаласына қараған болатын. Мұнайлы ауданына шоғырланған



Ерсін ҚАЗИЕВ,
Мұнайлы аудандық соты
кеңес меңгерушісінің міндетін
атқарушы

халықтың көпшілігін, яғни 80 пайызын алып-жақын шетелдерден көшіп келген қандастар құрайды. 2019 жылғы мәліметтерге сүйенсек ауданда адам саны 161 270 болған. Бұл көрсеткіш жыл сайын артып отыр, оған әрине негіз көп. Біріншіден, аудан Ақтау қаласына ең жақын орналасқан. Халықтың жұмыс жасап, кәсіп ашып, еңбек етуіне өте ыңғайлы.

Қазіргі таңда Мұнайлы аудандық сотында қылмыстық, азаматтық, әкімшілік және әкімшілік құқықбұзушылық істері қаралады.

Онда 6 судья, 10 маман қызмет етуде.

Өкінішке қарай, халық тығыз қоныстанғандықтан ба, әлде басқа себептен бе, мұнда қылмыс саны азаймай тұр. Өткен жылы аудандық сотта 240 қылмыстық іс қаралып аяқталған. Азаматтық дау да көп. Былтыр 1515 азаматтық іс, 1643 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралған. Азаматтық даудың басым бөлігін – неке бұзу, алимент өндіру секілді отбасылық даулар құрайды.

Сондай-ақ, шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қа-

зақстанның көші-қон заңнамасын бұзғандығы жөнінде әкімшілік құқықбұзушылықтар да жиі қаралады. Себебі, көрші Өзбекстан, Түрікменстаннан осындағы тұма-туыстарына қыдырып келіп, заңсыз жұмыс жасап, қалып қоятындар да тыйылар емес.

Десек те, «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» дегендей, өңірдегі құқық қорғаушылар мұндай заңсыздықтармен белсенді күресіп жатыр.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Жанхмет АҒЫБАЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы Арсен Саттаров 8 701 697 39 86.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75.
Шығыс Қазақстан облысы Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Талғатжан Мұхамдиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №10 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31